

**«6D020500 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Абишева Гульнар Кайдаровнаның «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық кеңістік» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент түркология саласы бойынша PhD доктор, қауымдастырылған профессор Касымова Асем Аленовнаның
ЖАЗБАША ШІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p><u>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылым дамуының қазіргі басым бағыттарымен үйлесімді болып келеді. Зерттеу мазмұны әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласына, атап айтқанда тіл білімі, әдебиеттану және мәдениеттану тоғысындағы өзекті мәселелерді қамтиды. Жұмыста көркем мәтіндегі ономастикалық кеңістік лингвопоэтикалық, когнитивтік және лингвомәдени тұрғыдан кешенді қарастырылып, ұлттық дүниетаным мен мәдени кодты айқындауға бағытталған. Бұл бағыт Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарының бірі болып табылатын «Елдің зияткерлік әлеуеті», соның ішінде «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар» саласына сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері ұлттық рухани мұраны зерделеу, тілдік сананы жаңғырту және мәдени-танымдық құндылықтарды ғылыми негізде жүйелеу міндеттерімен ұштасады. Осы тұрғыдан алғанда, диссертация тақырыбы мемлекеттік деңгейде айқындалған ғылыми басымдықтарға сәйкес келеді.</p>

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, ал оның маңыздылығы ашылған деп бағаланады. Зерттеу барысында көркем мәтіндегі ономастикалық кеңістік алғаш рет лингвопоэтикалық, когнитивтік және лингвомәдени қырынан кешенді түрде қарастырылып, қазақ тіл біліміндегі әдеби ономастика бағытын дамытуға нақты үлес қосқан. Автор поэтонимдердің семантикалық, функционалдық және мәдени-танымдық қырларын жүйелеп, оларды ұлттық дүниетаныммен сабақтастыра талдаған. Бұл нәтижелер жалқы есімдердің тек атауыштық емес, концептуалдық және мәтінтүзуші қызметін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеу қазақ әдеби тілінің тарихи-мәдени қабагтарын, авторлық идиостильді және ұлттық рухани кодты айқындауда жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынады. Осы тұрғыдан алғанда, жұмыстың теориялық және әдіснамалық маңызы жеткілікті деңгейде дәлелденіп, ғылым үшін құндылығы айқын көрсетілген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны, құрылымы және ғылыми талдау тәсілдері автордың дербес зерттеу жүргізгенін көрсетеді. Материалды іріктеу, жүйелеу және интерпретациялау барысында авторлық көзқарас айқын байқалады, теориялық тұжырымдар мен талдау нәтижелері логикалық бірізділікпен берілген. Зерттеуде қолданылған әдістер мен ғылыми пайымдаулардың біртұтастығы жұмыстың өзіндік сипатта орындалғанын дәлелдейді.

			Сонымен қатар ғылыми аппараттың дұрыс рәсімделуі, дереккөздерге орынды сілтеме жасалуы және мәтіннің стилистикалық тұтастығы авторлық еңбектің жоғары деңгейін айғақтайды. Осы негізде диссертацияның өзі жазу деңгейін жоғары деп есептеуге болады.		
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	4.1 Диссертация өзектілігі негізделген. Диссертацияның өзектілігі көркем мәтіндегі ономастикалық кеңістікті кешенді зерттеудің қазіргі тіл біліміндегі қажеттілігімен дәлелденген. Автор ұлттық мәдени кодты, тарихи жадты және авторлық дүниетанымды тілдік деректер арқылы айқындаудың ғылыми маңызын нақты көрсетеді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі теориялық және қолданбалы тұрғыдан дәйектеліп, ғылыми айналымдағы олқылықтарды толықтыру қажеттілігімен негізделген.		
		1) негізделген;			
		2) ішінара негізделген;			
		3) негізделмеген.			
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Жұмыстың құрылымы мен мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Барлық тараулар мен бөлімдерде ономастикалық кеңістіктің әртүрлі қырлары жүйелі түрде қарастырылып, негізгі зерттеу нысаны бірізді ашылады. Теориялық негізден бастап практикалық талдауға дейінгі бөлімдер тақырыпты толық қамтиды.	
		1) айқындайды;			
		2) ішінара айқындайды;			
		3) айқындамайды.			
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:			4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбынан туындап, өзара
		1) сәйкес келеді;			
		2) ішінара сәйкес келеді;			

		3) сәйкес келмейді.	үйлесімді түрде құрылған. Қойылған міндеттер зерттеу мақсатын кезең-кезеңімен жүзеге асыруға бағытталған және жұмыстың мазмұнында толық көрініс тапқан. Бұл ғылыми ізденістің логикалық тұтастығын қамтамасыз етеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	4.4 Диссертацияның барлық Диссертация құрылымы ішкі бірлік принципіне сай жүйелі түрде ұйымдастырылған. Мәселен, жұмыстың кіріспе бөлімінде зерттеудің мақсаты мен міндеттері нақты айқындалып, әрі қарайғы тараулардың мазмұндық бағыты белгіленеді (4–10 беттер). Бірінші тарауда көркем мәтін ономастикасының теориялық негіздері жан-жақты қарастырылып, ономастикалық кеңістік, поэтоним, лингвопоэтикалық талдау сияқты ұғымдар ғылыми тұрғыдан жүйеленеді (11–19 беттер). Осы теориялық тұжырымдар екінші тарауда нақты тілдік материал негізінде жалғасын табады, онда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы антропоэтонимдердің типологиясы мен семантикалық-функционалдық ерекшеліктері талданады (42-92 беттер). Үшінші тарауда зерттеу логикасы сақталып, топоэтонимдер жүйесі қарастырылып, ұлттық-мәдени және танымдық сипаттары ашылады (108-139 беттер). Теориялық бөлімде негізделген ұстанымдар талдау тарауларында эмпирикалық материал арқылы дәлелденіп, барлық бөлімдер өзара сабақтастықта дамиды. Нәтижесінде әрбір тарау алдыңғы ғылыми пайымдарды толықтырып, қорытындыда біртұтас жүйеге
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

			<p>біріктіріледі, бұл диссертация құрылымының логикалық байланысы жоғары деңгейде қамтамасыз етілгенін көрсетеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p>	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, яғни зерттеуде сыни талдау бар. Жұмыста ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен әдіснамалық тәсілдер тиісті деңгейде дәлелденіп, отандық және шетелдік зерттеулермен салыстыра қарастырылған. Автор бұрынғы ғылыми еңбектерге сыни тұрғыдан талдау жасап, өзінің ғылыми позициясын нақты айқындайды. Бұл зерттеудің жаңашылдығы мен ғылыми негізділігін күшейтеді. Диссертацияда автор ұсынған ғылыми тұжырымдар бұрынғы зерттеулермен салыстыра қарастырылып, сыни талдау жасалған. Атап айтқанда, теориялық бөлімде (1-тарау) ономастикалық кеңістік ұғымына қатысты В.И. Супрун, А.В. Суперанская, Ю.А. Карпенко сияқты ғалымдардың көзқарастары салыстырылып, олардың айырмашылықтары мен шектеулері талданады. Сонымен қатар поэтоним ұғымының әртүрлі интерпретациялары (В.М. Калинин, Н.В. Подольская және т.б.) салыстырылып, автор өз ұстанымын негіздейді. Екінші және үшінші тарауларда нақты тілдік материалдар негізінде бұрын қалыптасқан жіктеулер мен тәсілдер қайта қаралып, авторлық типология ұсынылады, бұл да салыстырмалы-сыни талдаудың бар екенін көрсетеді. Осы деректер</p>
		<p>1) сыни талдау бар;</p>	
		<p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p>	
		<p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p>	
		<p>4) талдау жоқ.</p>	

			диссертацияда жаңа ғылыми шешімдердің тек ұсынылып қана қоймай, оларды бұрынғы ғылыми тұжырымдармен салыстыру арқылы дәлелденгенін айқындайды.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Жұмыстың ғылыми жаңалығы бөлімінде қазақ тіл білімінде алғаш рет Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының ономастикалық кеңістігі тұтас жүйе ретінде лингвопозтикалық тұрғыдан кешенді қарастырылғаны нақты көрсетілген (8–10 беттер). Диссертацияның теориялық бөлімінде автор ономастикалық кеңістік, поэтоним, ономастикон ұғымдарын салыстырмалы түрде саралап, олардың авторлық интерпретациясын ұсынады (11–39 беттер). Екінші тарауда Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы антропозтонимдердің құрылымдық-семантикалық типологиясы алғаш рет жүйеленіп, олардың тарихи, діни, мифологиялық және прецеденттік қабаттары анықталған (42–92 беттер). Үшінші тарауда топопозтонимдердің ұлттық-мәдени, танымдық және мәтінтүзушілік қызметтері алғаш рет кешенді түрде талданып, авторлық жіктеу ұсынылған (108–139 беттер). Сонымен қатар диссертация қорытындысында Мәшһүр Жүсіп шығармаларының ономастикалық моделіне қатысты жаңа ғылыми тұжырымдар жүйеленіп, жалқы есімдердің авторлық дүниетанымды, ұлттық тарихи жадты және мәдени кодты репрезентациялау қызметі дәлелденген (140–147 беттер). Диссертацияда бұрын арнайы зерттеу
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).	

			<p>нысаны болмаған Мәшһүр Жүсіп шығармаларының ономастиконы ғылыми айналымға енгізіліп, авторлық жіктеу мен жаңа ғылыми қорытындылар ұсынылған.</p>
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	<p>Зерттеу нәтижесінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының ономастикалық кеңістігінің авторлық құрылымдық-семантикалық моделі алғаш рет ғылыми тұрғыдан жүйеленген. Қорытынды бөлімде автор жалқы есімдердің тек номинативтік қызмет атқармай, сонымен қатар мәдени-танымдық, когнитивтік, мәтінтүзушілік, эстетикалық және прагматикалық қызметтерді жүзеге асыратынын нақты ғылыми тұжырым ретінде ұсынады (140-147 беттер). Сонымен қатар зерттеу барысында Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы антропозтонимдер, топопозтонимдер, мифопозтонимдер және діни позтонимдердің ұлттық дүниетанымды, тарихи жадты және авторлық концептуалды жүйені қалыптастырудағы рөлі алғаш рет кешенді түрде анықталған (42-92 беттер; 108-139 беттер). Автор бұрын арнайы жүйеленбеген Мәшһүр Жүсіп шығармаларының ономастиконын ғылыми айналымға енгізіп, олардың функционалдық-семантикалық жіктелуінің жаңа моделін ұсынған. Диссертация қорытындылары қазақ әдеби ономастикасы, лингвопозтика және когнитивтік ономастика бағыттарындағы ғылыми зерттеулер үшін жаңа теориялық тұжырымдар қалыптастырады.</p>
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыс гуманитарлық бағытта орындалғандықтан, онда техникалық, экономикалық немесе басқарушылық сипаттағы классикалық шешімдер тікелей қарастырылмайды. Дегенмен зерттеу барысында тіл білімі саласына қатысты әдіснамалық және қолданбалы сипаттағы ішінара жаңа шешімдер ұсынылған. Атап айтқанда, автор Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық бірліктерді жүйелеудің авторлық моделін ұсынып, оларды құрылымдық-семантикалық, лингвомәдени, когнитивтік және функционалдық тұрғыдан жіктеудің жаңа тәсілдерін негіздеген (42-92 беттер; 108-139 беттер). Сонымен қатар зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында оқытылатын «Әдеби ономастика», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Қазақ әдеби тілінің тарихы» пәндерінің мазмұнына енгізу мүмкіндігі көрсетілген (9-10 беттер). Ұсынылған ғылыми нәтижелер әдеби ономастика саласындағы деректерді жүйелеу, ғылыми айналымға енгізу және оқу-әдістемелік үдерісте пайдалану тұрғысынан ішінара жаңа шешімдер ретінде бағаланады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары сапалық (qualitative) зерттеу әдіснамасына сай нақты тілдік материалдарға, мәтіндік талдауға және теориялық тұжырымдарға сүйене отырып жасалған. Автор зерттеу нысаны ретінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларын

			<p>толық қамтып, ономастикалық бірліктерді тұтас іріктеу әдісі арқылы жинақтап, кейін оларды құрылымдық-семантикалық және функционалдық тұрғыдан жүйелі талдаған (7-8 беттер). Сонымен қатар диссертацияда антропонимдер мен топопонимдерге қатысты жасалған тұжырымдар нақты мәтіндік мысалдармен дәйектеліп, олардың лингвомәдени және когнитивтік сипаттары кезең-кезеңімен негізделеді (42 бет, 56 бет, 108 бет, 112 бет және т.б.). Теориялық бөлімде ұсынылған ғылыми қағидалар кейінгі тарауларда эмпирикалық деректер арқылы тексеріліп, біртұтас логикалық жүйе қалыптастырады. Яғни диссертацияның негізгі қорытындылары жеткілікті ғылыми дәлелдемелерге негізделген, алынған нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі күмән туғызбайды.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p>	<p>7.1 Диссертацияда қорғауға ұсынылған негізгі ережелер нақты тілдік материалдармен, мәтіндік талдаулармен және теориялық тұжырымдармен толық негізделген. Автор әрбір қағиданы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларынан алынған деректер арқылы дәйектеп, олардың ғылыми негізділігін жүйелі түрде дәлелдейді.</p> <p>7.2 Ұсынылған ережелер жалпыға белгілі, қайталама сипаттағы тұжырымдар емес, керісінше көркем мәтін ономастикасын жаңа қырынан қарастыруға бағытталған. Поэтонимдердің лингвопоэтикалық және когнитивтік табиғатын кешенді сипаттау оларды тривиалды емес ғылыми нәтижелер қатарына жатқызуға мүмкіндік береді.</p>

		<p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орғаша;</p> <p>3) кең</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.3 Қорғауға шығарылған негізгі ережелердің мазмұны белгілі ғылыми теорияларға сүйенгенімен, нақты авторлық мәтін негізінде жаңа интерпретациялық деңгейде ұсынылған. Әсіресе ономастикалық кеңістікті авторлық дүниетаныммен байланыстыра талдау зерттеудің жаңашыл қырын айқындайды.</p> <p>7.4 Алынған ғылыми нәтижелер негізінен тіл білімі, әдебиеттану және лингвомәдениеттану салаларында қолдануға бағытталған. Олар арнайы ғылыми және оқу-әдістемелік контексте тиімді пайдаланылуы мүмкін, алайда қолдану аясы негізінен гуманитарлық ғылымдар шеңберімен шектеледі.</p> <p>7.5 Диссертация тақырыбы бойынша алынған ғылыми нәтижелер автордың жарияланған еңбектерінде толық көрініс тапқан. Атап айтқанда, диссертацияда көрсетілгендей, зерттеу нәтижелері бойынша жалпы 11 ғылыми жарияланым жарық көрген (10 бет). Оның ішінде 1 мақала Scopus базасына кіретін халықаралық басылымда жарияланған, бұл зерттеудің халықаралық ғылыми деңгейде апробациядан өткенін дәлелдейді. Сонымен қатар 4 мақала Қазақстан Республикасы ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда жарық көрген, бұл диссертация нәтижелерінің ұлттық ғылыми талаптарға сәйкестігін көрсетеді. Бұдан бөлек, 6 жарияланым шетелдік және отандық халықаралық конференциялар материалдары мен басқа ғылыми басылымдарда жарияланған.</p>
--	--	---	---

8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	8.1 Диссертацияда зерттеу әдіснамасы нақты әрі жүйелі сипатталған. Автор тілдік материалды талдауда лингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, контекстуалдық және типологиялық әдістерді қолданғанын кезең-кезеңімен көрсетеді, сондай-ақ материалды іріктеу мен өңдеу алгоритмі айқын берілген (7-8 беттер). Бұл зерттеу әдістерінің мақсатқа сәйкестігін және ғылыми негізділігін дәлелдейді.	
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;		
		2) жоқ.		
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:		8.2 Зерттеу гуманитарлық бағытта орындалғандықтан, нәтижелер негізінен сапалық талдау, мәтіндік интерпретация және теориялық жалпылау әдістері арқылы алынған. Компьютерлік модельдеу немесе сандық деректерді өңдеудің арнайы құралдары қолданылғаны көрсетілмейді, алайда бұл зерттеу бағыты үшін әдіснамалық тұрғыдан заңды.
		1) ия;		
		2) жоқ.		8.3 Жұмыс филология саласына жататындықтан, онда эксперименттік зерттеу жүргізу талап етілмейді. Теориялық қорытындылар мәтіндік талдау мен ғылыми интерпретацияға негізделген, бұл гуманитарлық зерттеулерге тән әдіснамалық ерекшелік болып табылады.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):		
		1) ия;		
	2) жоқ.	8.4 Диссертацияда негізгі ғылыми тұжырымдар жүйелі түрде отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып негізделген. Атап айтқанда, теориялық бөлімде ономастикалық кеңістік,		
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.			

			<p>ономастикон, ономастикалық өріс ұғымдары В.И.Супрун, А.В.Суперанская, Ю.А.Карпенко, Н.В. Подольская сияқты ғалымдардың еңбектері негізінде талданып, олардың анықтамалары мен ғылыми ұстанымдары салыстырмалы түрде сараланады (11-13 беттер). Сонымен қатар қазақ ономастикасына қатысты Т.Жанұзақ, Г.Б.Мәдиева, С.Қ.Иманбердиева, Қ.Рысберген еңбектеріне сүйене отырып, ұлттық ономастикалық кеңістіктің ерекшеліктері нақтыланады. Жұмыстың келесі бөлімдерінде теориялық тұжырымдар нақты мәтіндік деректер арқылы бекітіледі: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларынан алынған антропонимдер мен топопонимдер мысалдары арқылы автор ұсынған жіктеулер мен интерпретациялар дәлелденеді (42-68 беттер; 108-122 бетер). Бұл зерттеудің эмпирикалық негізінің жеткілікті екенін көрсетеді. Жекелеген талдау тұстарында авторлық интерпретацияның болуы зерттеудің ғылыми дербестігін көрсетеді. Ұсынылған тұжырымдар отандық және шетелдік ғылыми дереккөздермен, сондай-ақ нақты тілдік материалдармен жеткілікті деңгейде негізделген. Жалпы алғанда, диссертациядағы негізгі ғылыми пайымдар дәйекті әрі зерттеу логикасы сақталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз.</p>	<p>8.5 Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбын ашуға жеткілікті деңгейде қамтылған және отандық, сондай-ақ шетелдік ғылыми еңбектерді қамтиды (148-154 беттер).</p>

			<p>Жұмыста жиыны 138 әдебиет қолданылған. Әдеби шолу бөлімінде ономастика, лингвопозтика және лингвомәдениеттану салалары бойынша негізгі ғылыми бағыттар мен тұжырымдар ескерілген, бұл зерттеудің теориялық негізінің толықтығын қамтамасыз етеді.</p> <p>Диссертациядағы дереккөздер мен ұсынылған ақпарат ғылыми талаптарға сәйкес дәйектілік қағидатына жауап береді, алынған нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>9.1 Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы жеткілікті деңгейде негізделген. Автор көркем мәтіндегі ономастикалық кеңістікті лингвопозтикалық, когнитивтік және лингвомәдени тұрғылардың тоғысында қарастырып, жалқы есімдердің семантикалық және функционалдық табиғатын тереңдетеді. Бұл туралы диссертацияда «зерттеу нәтижелері поэтикалық ономастика мен әдеби ономастика мәселелерін дамытуға мүмкіндік береді» деп нақты көрсетілген (9-10 бетер). Сонымен қатар автор ономастикон құрылымын авторлық дүниетаныммен байланыстыра отырып, жаңа теориялық пайымдаулар ұсынады, бұл тіл біліміндегі антропоэзектік бағытты дамытуға үлес қосады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p>	<p>9.2 Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы диссертацияда нақты көрсетілген. Автор өз тұжырымдарын жоғары оқу орындарында оқытылатын «Әдеби</p>

		<p>2) жоқ.</p>	<p>ономастика», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау», «Қазақ әдеби тілінің тарихы» сияқты пәндерде қолдануға болатынын атап өтеді (10 бет). Сонымен қатар жинақталған ономастикалық материалдар мен олардың талдауы оқу-әдістемелік құралдар әзірлеуде, арнайы курстар жүргізуде және ғылыми зерттеулерде пайдалануға жарамды. Бұл зерттеу нәтижелерінің білім беру үдерісінде және ғылыми-практикалық қызметте қолдану мүмкіндігінің жоғары екенін дәлелдейді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>9.3 Диссертацияда ұсынылған практикалық тұжырымдар толықтай жаңа емес, алайда олар белгілі ғылыми бағыттарды нақты тілдік материал негізінде дамытуға бағытталған. Мәселен, автор поэтонимдерді лингвомәдени және когнитивтік тұрғыдан талдау нәтижелерін оқу үдерісінде қолдану, сондай-ақ ономастикалық деректерді жүйелеу арқылы арнайы курстар мазмұнын байыту жөнінде ұсыныстар береді (10 бет). Бұл ұсыныстар қолданыстағы әдістемелік тәжірибені толықтыра отырып, практикалық тұрғыдан құндылығын арттырады. Диссертацияның теориялық және практикалық маңызы айқын, ал ұсынылған нәтижелерді білім беру және ғылыми қызметте қолдану мүмкіндігі жеткілікті деңгейде дәлелденген.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мәтіні ғылыми-академиялық стиль талаптарына толық сәйкес келеді. Автор терминологиялық</p>

		<p>3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>аппаратты орынды қолдана отырып, ойды нақты, жүйелі және дәлелді түрде жеткізеді. Теориялық тұжырымдар мен эмпирикалық талдаулардың берілуі логикалық бірізділікпен сипатталып, ғылыми баяндау мәдениеті сақталған. Мәселен, кіріспе бөлімінде зерттеу нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері анық әрі құрылымдық тұрғыдан дұрыс рәсімделген (4-10 беттер). Сонымен қатар жұмыстың негізгі тарауларында күрделі ғылыми ұғымдар жүйелі түрде түсіндіріліп, теориялық пайымдар мен нақты тілдік материалдар өзара үйлесімді берілген (11-13 беттер; 42- 107 беттер). Диссертация мәтінде ғылыми дәйектілік сақталып, дереккөздерге сілтемелер дұрыс рәсімделген, пайдаланылған әдебиеттер тізімі талапқа сай берілген (148-154 беттер). Жұмыстың құрылымы, тілдік ресімделуі және ғылыми баяндау деңгейі жоғары академиялық талаптарға жауап береді, мәтіннің стилистикалық тұтастығы мен терминологиялық дәлдігі қамтамасыз етілген.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p><i>1. Жұмыстың теориялық бөлімінде ғылыми әдебиеттерге кеңінен шолу жасалғанымен, жекелеген тұстарда соңғы жылдардағы шетелдік зерттеулерді кеңірек тарту зерттеудің ғылыми аясын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік берер еді.</i></p> <p><i>2. Кейбір тарауларда мәтіндік талдаулар көлемді сипатта берілгендіктен, оларды құрылымдық тұрғыдан ықшамдап, негізгі ғылыми тұжырымдарды нақтылау</i></p>

			<p><i>жұмыстың жинақылығы мен айқындығын арттыра түсер еді.</i></p> <p>Аталған ескертулер диссертацияның мазмұнына нұқсан келтірмейді, олар ұсынымдық сипатқа ие және жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытындыларының маңыздылығына әсер етпейді.</p>
12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалалары диссертациялық жұмыстың мазмұны мен бағытына толық сәйкес келеді және зерттеудің негізгі нәтижелерін жүйелі түрде қамтиды. Диссертацияда көрсетілгендей, автордың зерттеу нәтижелері жалпы 11 ғылыми жарияланымда көрініс тапқан, оның ішінде 1 мақала Scopus базасына енетін халықаралық басылымда, 4 мақала ҚР ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда, сондай-ақ қалған жарияланымдар халықаралық конференциялар материалдары мен өзге ғылыми басылымдарда жарық көрген.</p> <p>Жарияланымдардың мазмұнына талдау жасау олардың теориялық негізділігі мен практикалық маңыздылығын айқындайды: мақалаларда көркем мәтін ономастикасы, поэтонимдердің функционалдық-семантикалық ерекшеліктері, антропонимдер мен топопонимдердің лингвомәдени сипаты сияқты мәселелер жүйелі түрде қарастырылған. Автор әрбір мақалада зерттеу нысанын нақтылап, ғылыми әдістерді орынды қолдана отырып, дәйекті тұжырымдар ұсынады. Сонымен қатар жарияланымдардың халықаралық</p>

			<p>және республикалық деңгейдегі ғылыми басылымдарда жарық көруі зерттеу нәтижелерінің апробациядан өткенін және ғылыми қауымдастық тарапынан талқыланғанын көрсетеді. Осыған байланысты докторанттың ғылыми мақалаларының деңгейі зерттеу тақырыбына толық сәйкес, мазмұндық және әдіснамалық тұрғыдан жоғары деп бағаланады.</p>
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		<p>Жоғарыда жүргізілген жан-жақты талдау нәтижелерін негізге ала отырып, Абишева Гульнар Кайдаровнаның «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық кеңістік» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті ғылыми мәселеге арналған, теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделген, ішкі бірлігі сақталған, ғылыми жаңалығы бар зерттеу ретінде бағаланады. Жұмыста қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалған, алынған нәтижелер жеткілікті деңгейде дәлелденіп, ғылыми жарияланымдарда апробациядан өткен. Диссертацияның теориялық және практикалық маңызы айқын, ал зерттеу нәтижелері тіл білімі, әдебиеттану және лингвомәдениеттану салаларында қолдануға мүмкіндік береді. Жұмыстың ғылыми деңгейі мен ресімделуі қолданыстағы талаптарға сәйкес келеді. Көрсетілген жекелеген ескертулер ұсынымдық сипатта болып, зерттеудің жалпы мазмұны мен ғылыми құндылығына нұқсан келтірмейді. Осыған байланысты ұсынылған диссертациялық жұмыс Қазақстан</p>

			Республикасы Білім және ғылым саласындағы нормативтік талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін және ізденуші Абишева Гульнар Кайдаровна «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.
--	--	--	---

Ресми рецензент:

Шәкәрім университеті,


Инклюзивті білім беру стратегиясының жетекшісі

түркология саласы бойынша PhD доктор,

қауымдастырылған профессор



А.А.Касымова

 _____ қолын растаймын
30 .. 04 2026 ж.